



HP Deskjet Ink Advantage 2520hc
All-In-One series

Мазмұны

1	Орындайтын әрекеттер	3
2	HP Deskjet 2520 series принтері туралы білу	
	Принтер бөлшектері	5
	Басқару тақтасының мүмкіндіктері	6
	«Күй» шамы	6
3	Басып шығару	
	Құжаттарды басып шығару	9
	Фотосуреттерді басып шығару	10
	Хатқалталарды басып шығару	11
	Дұрыс басып шығару туралы кеңестер	11
5	Көшіру және сканерлеу	
	Құжаттарды көшіру және сканерлеу	21
	Компьютерге сканерлеу	22
	Дұрыс көшіру туралы кеңестер	23
	Дұрыс сканерлеу туралы кеңестер	24
6	Сия картридждерімен жұмыс істеу	
	Анықталған сия деңгейлерін тексеру	25
	Сия жабдықтарына тапсырыс беру	25
	Картридждерді ауыстыру	26
	Жалғыз картридж күйін пайдалану	28
	Сия картриджының кепілдігі туралы мәлімет	28
7	Қосылымы	
	USB қосылымы (ешбір желі қосылымы жоқ)	29
	Жаңа принтер қосу	29
8	Қатені дұрықтау	
	Басып шығару сапасын жақсарту	31
	Қағаз кептелістерінен тазалау	32
	Басып шығару мүмкін емес	34
	HP қолдау қызметі	37
9	Техникалық мәліметтер	
	Ескертпе	41
	Техникалық сипаттамалар	41
	Қоршаған орта құрылғысын ұйымдастыру бағдарламасы	43
	Заңды ескертпелер	47
	Индекс	51

1 Орындайтын әрекеттер


HP Deskjet 2520 series принтерін пайдалануды үйрену

- [Принтер бөлшектері](#)
- [Құжаттарды көшіру және сканерлеу](#)
- [Медиа құралын салу](#)
- [Картридждерді ауыстыру](#)
- [Қағаз кептелістерінен тазалау](#)

2 HP Deskjet 2520 series принтері туралы білу


- [Принтер бөлшектері](#)
- [Басқару тақтасының мүмкіндіктері](#)
- [«Күй» шамы](#)

Принтер бөлшектері



1	Кіріс науасы
2	Кіріс науасының қорғанышы
3	Негізгі науа үшін қағаз енін бағыттаушы
4	Басқару тақтасы
5	Картридж есігі
6	Шығару науасы
7	Шығару науасын ұзартқыш (науаны ұзартқыш деп те аталады)
8	Картридждер

Басқару тақтасының мүмкіндіктері










1	Қуат: құрылғыны қосады немесе сөндіреді. Құрылғы өшірулі болған кезде қуат аз мөлшерде тұтынылады. Қуатты толығымен өшіру үшін құрылғыны сөндіріп, қуат сымын ток көзінен ажыратыңыз. Қосымша ақпаратты «Күй» шамы бөлімінен қараңыз.
2	Сканировать (Сканерлеу): Компьютерге байланыс орнатылғаннан кейінгі алдыңғы тақтадағы сканерлеу жұмысын көрсетеді.
3	Отмена (Болдырмау): ағымдағы әрекетті тоқтатады.
4	Подогнать под размер страницы (Бетке сәйкестендіру): Әйнекке салынған түпнұсқаны үлкейтеді және кішірейтеді.
5	Лампа для подгонки под размер страницы («Бетке сәйкестендіру» шамы) Үлкейту немесе кішірейту мүмкіндігінің таңдалғанын көрсетеді.
6	Начать копировать в черном цвете (Қара түсте басып шығаруды бастау): ақ-қара көшіру жұмысын бастайды. Түймешікті бірнеше рет басу арқылы көшірме санын көбейтіңіз. Басып шығару қателері дұрысталғаннан кейін жалғастыру түймешігі ретінде әрекет етеді.
7	Начать копирование в черном цвете (Қара түсте көшіруді бастау): түсті көшіру жұмысын бастайды. Түймешікті бірнеше рет басу арқылы көшірме санын көбейтіңіз. Басып шығару қателері дұрысталғаннан кейін жалғастыру түймешігі ретінде әрекет етеді.
8	Сигнальный индикатор («Назар аударыңыз» шамы): Қағаздың кептелуін, принтерде қағаз болмауын немесе назарыңызды талап ететін жағдайды көрсетеді.
9	Дисплей панели управления (Басқару тақтасының дисплейі): Көшірмелердің санын, баспа құралдарының қатесін, сия деңгейін және сия қатесін көрсетеді.





Принтер қосылғанда, «Автоматты түрде өшіру» параметрі әдепкі бойынша автоматты түрде қосылады. «Автоматты түрде қуатты өшіру» функциясы қосылған кезде қуаттың тұтынылуын үнемдеуге көмектесу мақсатында принтер құрылғы қолданыста болмаған кезде екі сағаттан кейін автоматты түрде сөндіріледі. Қосымша ақпаратты [Автоматты түрде өшіру](#) бөлімінен қараңыз.

«Күй» шамы

Құрылғы қосылған кезде қуат түймешігінің шамы жанып тұрады. Құрылғы жұмысты орындап жатқан кезде қуат шамы жыпылықтап тұрады. Қосымша жыпылықтайтын шамдар дұрысталуы қажет қателерді білдіреді.

Жыпылықтайтын шамдар және орындалуы қажет әрекеттер туралы қосымша ақпаратты төменнен қараңыз.

Әрекет	Себеп және шешім
<p>Қуат шамы жылдам жыпылықтап тұр және назар аудару шамы жанып тұр.</p> 	<p>Басып шығару орындалып жатқанда шығару науасы жабық тұр. Шығару науасын ашыңыз.</p>
<p>Қуат шамы, сия деңгейі және назар аудару шамы жыпылықтап тұр.</p> 	<p>Сияға кіру есігі ашық. Науаларды дайындау бөлімін қараңыз.</p>
<p>Сия деңгейі белгішелерінің екеуі де жыпылықтап тұр.</p> 	<p>Картридждердің екеуі де жоқ немесе таспа алынып тасталмаған не ақауы бар. Картридждерді орнатыңыз немесе қызғылт таспаны картриджден алып тастаңыз не ақауы бар картридждерді ауыстырыңыз. Қосымша ақпаратты Картридждерді ауыстыру бөлімінен қараңыз.</p>
<p>Сия деңгейі белгішесінің біреуі жыпылықтап тұр.</p> 	<p>Жыпылықтап тұрған белгіше сәйкес картридждердің жоқ екенін немесе таспасы алынбағанын не ақауы барын білдіреді. Принтер бір картриджден жалғыз картридж күйінде басып шығарады. Жоқ қара немесе түсті картридждерді орнатыңыз немесе қызғылт таспаны картриджден алып тастаңыз не ақауы бар картридждерді ауыстырыңыз.</p>
<p>«P» әрпі, баспа құралдары белгішесі және назар аудару шамы жыпылықтап тұр.</p> 	<p>Қағаз жоқ немесе қағаз берілмейді. Қағазды салыңыз, содан кейін басып шығаруды жалғастыру үшін Отменить түймешігінен басқа кез келген түймешікті басыңыз. Медиа құралын салу бөлімін қараңыз.</p>
<p>«J» әрпі, баспа құралдары белгішесі және назар аудару шамы жыпылықтап тұр.</p> 	<p>Қағаз кептелісі бар. Қағаз кептелістерінен тазалау бөлімін қараңыз. Қағазды салыңыз, содан кейін басып шығаруды жалғастыру үшін Отменить түймешігінен басқа кез келген түймешікті басыңыз.</p>
<p>«C» әрпі, сия деңгейі белгішелері және назар аудару шамы жыпылықтап тұр.</p> 	<p>Принтер ішіндегі картридж орны бітеліп қалған. Картридж есігін ашыңыз, кареткада кедергі жоқ екенін тексеріңіз. Каретканы оңғы жылжытыңыз, есікті жабыңыз және содан кейін жалғастыру үшін Отменить түймешігінен басқа кез келген түймешікті басыңыз.</p>

Әрекет	Себеп және шешім
<p>Қуат шамы, баспа құралдары белгішесі және назар аудару шамы жыпылықтап тұр.</p> 	<p>Сканнер істемейді. Принтерді сөндіру үшін Питание түймешігін басыңыз да, содан кейін қайта қосыңыз.</p> <p>Егер қате кетпесе, HP хабарласыңыз. Принтер сканер жұмыс істемесе де басып шығара береді.</p>
<p>Қуат шамы, «E» әрпі, баспа құралдары белгішесі, сия деңгейі белгішесі, сия тамызу белгішесі және назар аудару шамы жыпылықтап тұр.</p> 	<p>Принтер қате күйінде.</p> <p>Принтердің параметрлерін бастапқы қалпына келтіріңіз.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Принтерді өшіріңіз. 2. Қуат сымын ажыратыңыз. 3. Бір минут күтіп, қуат сымын қайта жалғаңыз. 4. Принтерді қосыңыз. <p>Егер қате кетпесе, HP компаниясына хабарласыңыз.</p>
<p>Сия деңгейі белгішесінің біреуі мен сия тамызу белгішесі жыпылықтап тұр және назар аудару шамы қосулы.</p> 	<p>Жыпылықтап тұрған сия деңгейінің белгішесі сәйкес картриджде қатенің туындағанын көрсетеді. Картридж қате, сәйкес емес, жалған орнатылған немесе сия мөлшері аз болуы мүмкін.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Компьютеріңіздің экранында хабарламаны көрсеңіз, қатенің қосымша мәліметін хабарламадан қараңыз. • Компьютеріңіздің экранында хабарлама жоқ болса, картриджді алып және қайта енгізіп көріңіз. • Принтеріңіз үшін дұрыс HP картриджді пайдаланып отырғаныңызды растаңыз. • Картридж ақауының бар екенін анықтаңыз. Ақаулығы бар картриджды анықтау бөлімін қараңыз. • Басып шығару сапасы төмен болса, картриджді ауыстыруды ойлаңыз. Картридждерді ауыстыру бөлімін қараңыз.
<p>Сия деңгейі белгішесінің екеуі және сия тамызу белгішесі жыпылықтап тұр және назар аудару шамы қосулы.</p> 	<p>Картридждердің екеуінде де қате бар. Картридждер қате, сәйкес емес, жалған орнатылған немесе сия мөлшері аз болуы мүмкін.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Компьютеріңіздің экранында хабарламаны көрсеңіз, қатенің қосымша мәліметін хабарламадан қараңыз. • Компьютеріңіздің экранында хабарлама жоқ болса, картридждерді алып және қайта енгізіп көріңіз. • Принтеріңіз үшін дұрыс HP картриджді пайдаланып отырғаныңызды растаңыз. • Картридждің ақауының барын анықтаңыз. Ақаулығы бар картриджды анықтау бөлімін қараңыз. • Басып шығару сапасы төмен болса, картридждерді ауыстыруды ойлаңыз. Картридждерді ауыстыру бөлімін қараңыз.

3 Басып шығару

Жалғастыру үшін басып шығарылатын жұмысты таңдаңыз.



[Құжаттарды басып шығару](#)



[Фотосуреттерді басып шығару](#)



[Хатқалталарды басып шығару](#)

Құжаттарды басып шығару


Бағдарламалық құрал қолданбасынан басып шығару

1. Шығару науасының ашық болуын тексеріңіз.
2. Кіріс науасына қағаз салынғанын тексеріңіз.



Қосымша ақпаратты [Медиа құралын салу](#) бөлімінен қараңыз.


3. Бағдарламалық құрал қолданбасындағы **Печать** (Басып шығару) түймешігін басыңыз.
4. Өнімнің таңдалған принтер екенін тексеріңіз.
5. **Свойства (Сипаттар)** тілқатысу терезесін ашатын түймешікті басыңыз.
Бағдарламалық құрал қосымшасына байланысты бұл түймешік **Свойства** (Сипаттар), **Опции** (Опциялар), **Установка принтера** (Принтерді орнату), **Принтер** (Принтер) немесе **Предпочтения** (Таңдаулы параметрлер) деп аталуы мүмкін.
6. Сәйкес параметрлерді таңдаңыз.
 - **Расположение** (Орналасу) қойындысындағы **Книжная** (Портреттік) немесе **Альбомная** (Альбомдық) бағытты таңдаңыз.
 - **Бумага/Качество** (Қағаз/Сапа) қойындысын нұқып, **Носители** (Медиа құралы) ашылмалы мәзірінен сәйкес қағаз түрін таңдаңыз және сапалы түрде басып шығарыңыз.
 - **Дополнительные параметры** (Қосымша параметрлер) түймешігігін басып, **Бумага/Выпускать** (Қағаз/Шығару) тізімінен сәйкес қағаз түрін таңдаңыз.
7. **Свойства** (Сипаттар) тілқатысу терезесін жабу үшін, **ОК** түймешігін басыңыз.
8. Басып шығаруды бастау үшін, **Печать** (Басып шығару) немесе **ОК** түймешігін басыңыз.

 **Ескертпе** Құжаттың тек бір жағына ғана емес, екі жағына да басып шығаруға болады. **Бумага/Качество** (Қағаз/Сапа) немесе **Расположение** (Орналасу) қойындысындағы **Дополнительный** (Қосымша) түймешігін басыңыз. **Страницы для печати** (Басып шығарылатын беттер) ашылмалы мәзірінен **Печатать только четные страницы** (Тек қана жұп беттерді басып шығару параметрін таңдаңыз. Басып шығару үшін **ОК** түймешігін басыңыз. Құжаттың тек жұп беттері басып шығарылғаннан кейін құжатты шығару науасынан алып тастаңыз. Қағаздың бос жағына бетіне қаратып, беттің жоғарғы жағын төмен қаратып кіріс науасына салыңыз. **Страницы для печати** (Басып шығарылатын беттер) ашылмалы мәзіріне оралып, **Печатать только нечетные страницы** (Тек қана тақ беттерді басып шығару) параметрін таңдаңыз. Басып шығару үшін **ОК** түймешігін басыңыз.

Фотосуреттерді басып шығару

Фотосурет қағазына фотосурет басып шығару


1. Шығару науасының ашық болуын тексеріңіз.
2. Кіріс науасындағы барлық қағаздарды алып, фотосурет қағаздарын басып шығарылатын беттерін жоғары қаратып салыңыз.

 **Ескертпе** Перфоратты белгілері бар фотосурет қағазын қолданып жатсаңыз, фотосурет қағазын белгілері жоғары қарайтын етіп жүктеңіз.




Қосымша ақпаратты [Медиа құралын салу](#) бөлімінен қараңыз.

3. Бағдарламалық құралдың **Файл** (Файл) мәзірінде **Печать** (Басып шығару) түймешігін басыңыз.
4. Өнімнің таңдалған принтер екенін тексеріңіз.
5. **Свойства (Сипаттар)** тілқатысу терезесін ашатын түймешікті басыңыз. Бағдарламалық құрал қосымшасына байланысты бұл түймешік **Свойства** (Сипаттар), **Опции** (Опциялар), **Установка принтера** (Принтерді орнату), **Принтер** (Принтер) немесе **Предпочтения** (Таңдаулы параметрлер) деп аталуы мүмкін.
6. **Бумага/Качество** (Қағаз/Сапа) қойындысын басыңыз.
7. Сәйкес параметрлерді таңдаңыз.
 - **Расположение** (Орналасу) қойындысындағы **Книжная** (Портреттік) немесе **Альбомная** (Альбомдық) бағытты таңдаңыз.
 - **Бумага/Качество** (Қағаз/Сапа) қойындысын нұқып, **Носители** (Медиа құралы) ашылмалы мәзірінен сәйкес қағаз түрін таңдаңыз және сапалы түрде басып шығарыңыз.
 - **Дополнительные параметры** (Қосымша параметрлер) түймешігін басып, **Бумага/Выпускать** (Қағаз/Шығару) тізімінен сәйкес қағаз түрін таңдаңыз.


 **Ескертпе** Ең үлкен нүкте/дюйм өлшемі үшін **Бумага/Качество** (Қағаз/Сапа) қойындысына өтіп, **Фото бумага, Высокое качество** (Фотосурет қағазы, Ең жақсы сапа) параметрін **Мультимедиа** ашылмалы тізімінен таңдаңыз. Түсті болып басылып жатқанын тексеріңіз. Одан кейін, **Дополнительное (Қосымша)** қойындысына өтіп, **Да (Иә)** параметрін **Максимум пиксель/дюйм** (Ең үлкен нүкте/дюйм өлшемі) ашылмалы тізімінен таңдаңыз. Қосымша ақпарат алу үшін [Ең көп нүкте/дюйм ажыратымдылығын пайдалану арқылы басып шығару](#) бөлімін қараңыз.

8. **Свойства** (Сипаттар) тілқатысу терезесіне оралу үшін, **ОК** түймешігін басыңыз.
9. **Басып шығару** тілқатысу терезесінде **ОК** түймешігін басып, **Басып шығару** немесе **ОК** түймешігін басыңыз.

 **Ескертпе** Кіріс науада қолданылмаған фотосурет қағаздарын қалдырмаңыз. Басып шығару сапасының төмендеуіне әкеп соқтыруы мүмкін қағаз бұратыла бастауы мүмкін. Басып шығармас бұрын, қағаз тегіс болуы керек.

Хатқалталарды басып шығару

HP Deskjet 2520 series кіріс науасына бір немесе бірнеше хатқалталар салуға болады. Жылтырақ немесе бедерлі хатқалталарды немесе қыстырғыштары мен терезелері бар хатқалталарды пайдаланбаңыз.

 **Ескертпе** Хатқалталарға басылып шығарылатын мәтінді пішімдеу туралы арнайы толық мәліметтерді сөз өңдеу бағдарламалық құралындағы файлдардан қараңыз. Ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін, хатқалталардағы жауап қайтарылатын мекенжайға арналған жапсырмаларды пайдалануды ұмытпаңыз.

Хатқалталарды басып шығаруға арналған

1. Шығыс науасының ашық болуын тексеріңіз.
2. Қағаз бағыттауышын солға қарай соңына дейін жылжытыңыз.
3. Хатқалталарды науаның оң жағына орналастырыңыз. Басып шығарылатын бет жоғары қаратылуы қажет. Жиек сол жаққа қойылуы қажет.
4. Хатқалталарды принтердің ішіне тоқталғанша итеріңіз.
5. Қағаз бағыттауышын хатқалталардың шетіне тиетіндей етіп жылжытыңыз.



Қосымша ақпаратты [Медиа құралын салу](#) бөлімінен қараңыз.

6. **Свойства** (Сипаттар) тілқатысу терезесін ашатын түймешікті басыңыз. Бағдарламалық құрал қосымшасына байланысты бұл түймешік **Свойства** (Сипаттар), **Опции** (Опциялар), **Установка принтера** (Принтерді орнату), **Принтер** (Принтер) немесе **Предпочтения** (Таңдаулы параметрлер) деп аталуы мүмкін.
7. Қажетті параметрлерді таңдаңыз.
 - **Бумага/Качество** (Қағаз/Сапа) қойындысын нұқып, **Мультимедиа** (Баспа құралы) ашылмалы мәзірінен сәйкес түрді таңдаңыз.
 - **Дополнительный** (Қосымша) қойындысында **Размер бумаги** (Қағаз өлшемі) ашылмалы мәзірінен сәйкес қағаз түрін таңдаңыз.
8. **Басып шығару** тілқатысу терезесінде **ОК** түймешігін басып, **Басып шығару** немесе **ОК** түймешігін басыңыз.

Дұрыс басып шығару туралы кеңестер

Дұрыс басып шығару үшін HP картридждері жеткілікті сиямен дұрыс жұмыс істеуі керек, қағазды дұрыс салу керек және құрылғыда сәйкес параметрлер бар болуы керек.

Картридж бойынша кеңестер

- HP компаниясы шығарған сия картридждерін пайдаланыңыз.
- Қара және үш түсті картридждерді бірдей дұрыс орнатыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін [Картридждерді ауыстыру](#) бөлімін қараңыз.
- Сияның жеткілікті екеніне көз жеткізу үшін картридждердегі есептелген сия деңгейлерін тексеріңіз. Қосымша ақпарат алу үшін [Анықталған сия деңгейлерін тексеру](#) бөлімін қараңыз.
- Қосымша ақпарат алу үшін [Басып шығару сапасын жақсарту](#) бөлімін қараңыз.

Қағаз салу кезіндегі кеңестер

- Қағаз бумасын (тек бір қағазды емес) салыңыз. Қағаз кептелісі туындауының алдын алу үшін бумадағы қағаздың барлығы бірдей өлшемде және түрде болуы қажет.
- Қағаздың басып шығарылатын жағын жоғары қаратып салыңыз.
- Кіріс науасына салған қағаздардың тегіс орналасуын және ұштары бүгілмеуін не жыртылмауын қамтамасыз етіңіз.
- Барлық қағаздарға нық сәйкестендіру үшін кіріс науасындағы қағаз енінің бағыттауыштарын сәйкестендіріңіз. Кіріс науасындағы қағазды қағаз енінің бағыттауыштары майыстырмайтынын тексеріңіз.
- Қосымша ақпарат алу үшін [Медиа құралын салу](#) бөлімін қараңыз.

Принтер параметрлері туралы кеңес

- Принтер драйверінің **Бумага/Качество** (Қағаз/Сапа) қойындысында **Мультимедиа** (Басып шығару құралдары) ашылмалы мәзірінен сәйкес қағаз түрі мен сапаны таңдаңыз.
- **Дополительный** (Қосымша) қойындысында **Размер бумаги** (Қағаз өлшемі) ашылмалы мәзірінен сәйкес қағаз түрін таңдаңыз.
- Принтер бағдарламалық құралы параметрін ашу үшін HP Deskjet 2520 series жұмыс үстелі белгішесін басыңыз.



Ескертпе Сонымен қата, Принтер бағдарламалық құралы ішіне **Пуск (Бастау) > Программы (Бағдарламалар) > HP > HP Deskjet 2520 series > HP Deskjet 2520 series тармақтарын таңдау** түймешігін басып кіруге болады.

Жазбалар

- HP компаниясы шығарған сия картридждері бірнеше рет жақсы нәтижелерді оңай беру үшін жасалып, HP принтерлерімен және қағаздарымен тексеріледі.



Ескертпе HP компаниясы өздері шығармаған жабдықтардың сапасына немесе сенімді екендігіне кепілдік бере алмайды. HP компаниясы шығармаған жабдықтарды пайдалану нәтижесінен болған принтер қызмет көрсету немесе жөндеу жұмыстары кепілдікке кірмейді.

Егер HP компаниясы шығарған сия картридждарын сатып алғаныңызға сенімді болсаңыз, мына веб-торапқа өтіңіз:

www.hp.com/go/anticounterfeit


- Сия деңгейі ескертулері мен көрсеткіштері тек қана жоспарлау мақсатында ғана анықтауларды береді.




Ескертпе Сияның аз қалғандығы туралы ескерту хабарламасын алған кезде, ықтимал басып шығару кешігулерін болдырмау үшін ауыстыратын картридждің болуын қарастырыңыз. Басып шығару сапасы ұнамсыз болмайынша картридждерді ауыстырудың қажеті жоқ.

- Принтер драйверінде таңдалған бағдарламалық құрал параметрлері басып шығару үшін ғана қолданылады, олар көшіру немесе сканерлеу үшін қолданылмайды.

- Құжаттың тек бір жағына ғана емес, екі жағына да басып шығаруға болады.

 **Ескертпе** **Қағаз/Сапа** қойындысындағы немесе **Орналасу** қойындысындағы **Қосымша** түймешікті басыңыз. **Страницы для печати** (Басып шығарылатын беттер) ашылмалы мәзірінен **Печатать только четные страницы** (Тек қана жұп беттерді басып шығару параметрін таңдаңыз. Басып шығару үшін **ОК** түймешігін басыңыз. Құжатта тақ сандармен нөмірленген беттер басылып шығарылғаннан кейін, шығыс науасындағы құжатты алып тастаңыз. Қағазды кіріс науасына бос жағын жоғары қаратып қайта салыңыз. **Страницы для печати** (Басып шығарылатын беттер) ашылмалы мәзіріне оралып, **Печатать только нечетные страницы** (Тек қана тақ беттерді басып шығару) параметрін таңдаңыз. Басып шығару үшін **ОК** түймешігін басыңыз.

- Тек қара сияны пайдаланып басып шығару

 **Ескертпе** Тек қана қара сияны қолданып, құжатты ақ және қара түсте басып шығаруды қаласаңыз, **Дополнительный** (Қосымша) түймешігін басыңыз. **Печатать как полутонное** (Сұр реңкте басып шығару) ашылмалы мәзірінен **Только черные чернила** (Тек қана қара сия) параметрін таңдап, **ОК** түймешігін басыңыз. **Бумага/Качество** (Қағаз/Сапа) немесе **Расположение** (Орналасу) қойындысында опция ретінде **Черно-белый** (Қара-ақ) параметрін көретін болсаңыз, оны таңдаңыз.

Ең көп нүкте/дюйм ажыратымдылығын пайдалану арқылы басып шығару


Фотосурет қағаздарына жоғарғы сапалы, анық суреттерды басып шығару үшін, ең үлкен нүкте/дюйм өлшемін қолданыңыз.

Ең үлкен нүкте/дюйм өлшемі режимінің басып шығару ажыратылымдығын техникалық сипаттамалардан көріңіз.

Ең үлкен нүкте/дюйм өлшемінде басып шығаруға басқа параметрлерде басып шығаруға қарағанда ұзағырақ уақыт кетеді және оған дисктен үлкен бос орын қажет.

Ең үлкен нүкте/дюйм өлшемі режимінде басып шығару

1. Кіріс науасына фотосуретке арналған қағаздың салынғанын тексеріңіз.
2. Бағдарламалық құралдың **Файл** (Файл) мәзірінде **Печать** (Басып шығару) түймешігін басыңыз.
3. Өнімнің таңдалған принтер екенін тексеріңіз.
4. **Свойства** (Сипаттар) тілқатысу терезесін ашатын түймешікті басыңыз. Бағдарламалық құрал қосымшасына байланысты бұл түймешік **Свойства** (Сипаттар), **Опции** (Опциялар), **Установка принтера** (Принтерді орнату), **Принтер** (Принтер) немесе **Предпочтения** (Таңдаулы параметрлер) деп аталуы мүмкін.
5. **Бумага/Качество** (Қағаз/Сапа) қойындысын басыңыз.
6. **Медиа** ашылмалы тізімінен **Фото бумага**, **Высшее качество** (Фотосурет қағазы, Ең жақсы сапа) түймешігін басыңыз.

 **Ескертпе** Ең жоғарғы нүкте/дюйм өлшемі мүмкіндігінде басып шығару үшін, **Фото бумага**, **Высшее качество** (Фотосурет қағазы, Ең жақсы сапа) түймешігін **Медиа** ашылмалы тізімінен **Бумага/Качество** (Қағаз/Сапа) қосымша бетінде басу керек.

7. **Дополнительный** (Қосымша) түймешігін басыңыз.
8. **Возможности принтері** (Принтер мүмкіндіктері) аймағындағы **Да(Иә)** түймешігін **Ең жоғарғы нүкте/дюйм өлшемі** ашылмалы терезесінен таңдаңыз.
9. **Қағаз өлшемі** параметрін **Бумага/Выпускать** (Қағаз/Шығару) ашылмалы мәзірінен таңдаңыз.
10. Жетілдірілген параметрлерді жабу үшін, **ОК** түймешігін басыңыз.
11. **Направление** (Бағыт) параметрін **Расположение** (Орналасу) қойындысында растап, басып шығару үшін, **ОК** түймешігін басыңыз.

4 Қағаз негізгілері

HP Deskjet 2520 series ішіне хат, А4 қағазы, фотосурет қағазы, транспаранттар мен хатқалталар сияқты әр түрлі өлшемдегі қағаздарды салуға болады.

Осы бөлімде төмендегідей тақырыптар бар:

- [Басып шығару үшін ұсынылатын қағаздар](#)
- [Медиа құралын салу](#)

Басып шығару үшін ұсынылатын қағаздар

Ең жақсы басып шығару сапасын қаласаңыз, HP компаниясы басып шығарылатын жоба түрі үшін арнайы жасалған HP қағаздарын қолдануды ұсынады.

Елге/аймаққа байланысты осы қағаздардың кейбірі қол жетімсіз болады.

ColorLok

- HP компаниясы күнделікті құжаттарды басып шығару және көшіру үшін ColorLok ені бар қарапайым қағаздарды ұсынады. ColorLok ені бар барлық қағаздар басып шығару сапасының және сенімділіктің жоғары стандарттарына сәйкес болу үшін, құжаттарды анық, ашық түсте, мөлдір қара түстерде басып шығару үшін және бастапқы қарапайым қағаздармен салыстырғанда жылдам кептіру үшін тәуелсіз сынақтан өткізілген. Үлкен қағаз өнеркәсіптерінің әртүрлі енді және өлшемді қағаздары арасынан ColorLok ені бар қағаздарды қараңыз.



HP жетілдірілген фотосурет қағазы

- Бұл қалың фотосурет қағазы сияны жақпастан оңай қолдануға арналған жылдам кептіргіш мүмкіндікті береді. Ол суға, ласқа, ізге және ылғалдыққа қарсы тұрады. Басып шығарылған фотосуреттерде сақталған өңделген фотосуреттермен салыстыруға болатын көрініс және сезім болады. Ол бірнеше өлшемде қол жетімді, А4, 8,5 x 11 дюйм, 10 x 15 см, 13x18 см өлшемдерін қамтиды және екі өңді: жылтыр немесе жартылай жылтыр (жылтыр күңгірт). Ол құжаттарды ұзақ уақытқа сақтау үшін құрамында қышқылды қамтымайды.

HP күнделікті фотосурет қағазы

- Күнделікті фотосуреттерді басып шығаруға арналған қағаздарды қолдану арқылы төмен бағадағы күнделікті, түсті суреттерді басып шығарыңыз. Бұл қол жетімді және фото қағазы оңай ұстау үшін жылдам кебеді. Бұл қағазды кез келген ағындық принтермен қолданған кезде анық, айқын суреттер алыңыз. Ол жартылай жылтырлы берердегі А4, 8,5 x 11 дюйм және 10 x 15 см (қосымша беттері бар немесе жоқ күйде) сияқты бірнеше көлемде қол жетімді. Ұзақ сақталатын фотосуреттер үшін бұл қышқылсыз болып табылады.

HP жинақша қағазы немесе HP Ең жақсы ағындық басып шығаруға арналған қағазы

- Бұл қағаздар екі жағын да қолдану үшін екі жағы бірдей жылтыр немесе күңгірт болады. Есептердің мұқаба беттері, арнайы көрмелер, брошюралар, жарнамалық материалдар және күнтізбелер үшін жаңа фотосуретті шығарылым мен іскери сызбаларға арналған тамаша таңдау.

HP жоғарғы сапалы презентация қағазы немесе HP кйсіби қағазы

- Бұл көрсетілімді, ұсыныстарды, есептерді және жаршыларды басып шығаруға жақсы таңдау болатын ауыр, екі жағы бірдей күңгірт қағаздар. Олар әсерлі көрініс және сезім үшін ауыр салмақты болып табылады.

HP ашық ақ түсті ағындық басып шығаруға арналған қағазы

- HP ашық ақ түсті ағындық басып шығаруға арналған қағазы жоғары контрасттағы түстерді және анық мәтінді береді. Бұл жаршылар, есептер және үнпарақтар үшін тамаша болатын, сәуледе келесі беті көрінбейтін, екі жағында да бояуды қолдануға болатын жеткілікті күңгірт қағаз. Бұл ColorLok технологиясын аздап жағылатын, мөлдір қара түстегі және ашық түстердегі етіп көрсетеді.

HP басып шығару қағазы

- HP басып шығару қағазы жоғары сападағы көп функциялы қағаз болып табылады. Ол қалыпты көп мақсаттағы немесе көшірме қағазында құжаттарды басып шығаруға қарағанда анығырақ көрінетін және сезілетін құжаттарды шығарады. Бұл ColorLok технологиясын аздап жағылатын, мөлдір қара түстегі және ашық түстердегі етіп көрсетеді. Ол құжаттарды ұзақ уақытқа сақтау үшін құрамында қышқылды қамтымайды.

HP кеңсе қағазы

- HP кеңсе қағазы жоғары сападағы көп функциялы қағаз болып табылады. Бұл көшірмелер, жоба жазбалар, баяндалар және басқа күнделікті құжаттар үшін ыңғайлы болып табылады. Бұл ColorLok технологиясын аздап жағылатын, мөлдір қара түстегі және ашық түстердегі етіп көрсетеді. Ол құжаттарды ұзақ уақытқа сақтау үшін құрамында қышқылды қамтымайды.

HP терможапсырмалары

- HP терможапсырмалары (түсті талшықтар немесе жеңіл не ақ талшықтар үшін) сандық фотосуреттерден арнайы футболкалар жасау үшін тамаша шешім болып табылады.

HP жоғарғы сапалы сия транспарант таспасы

- HP жоғарғы сапалы сия транспарант таспасы түсті презентацияларды анық, өте әсерлі етеді. Бұл таспаны пайдалану және өңдеу оңай және сияны жақпастан жылдам кебеді.

HP компаниясының фотосуреттерге арналған жиынтықтары

- HP компаниясының фотосуреттерге арналған жиынтықтары уақытыңызды үнемдеу және HP Deskjet 2520 series принтерімен фотосуреттерді кәсіби сапада, ықтимал басып шығаруға арналған болжамдарды алу үшін бастапқы HP сия картридждары мен HP жетілдірілген фотосурет қағазын ыңғайлы жинақтайды. Бастапқы HP сиялары мен HP жетілдірілген фотосурет қағазы бірге жұмыс істеу үшін жасалған, осылай фотосуреттер әрбір басып шығарған сайын ұзақ сақталатын және ашық болады. Бүкіл демалыс кезіндегі фотосуреттерді және көптеген ортақ пайдаланылатын фотосуреттерді басып шығару үшін тамаша болып табылады.

 **Ескертпе** Қазіргі уақытта HP веб-тораптарының кейбір бөлімдері тек қана ағылшын тілінде қол жетімді.

HP қағаздарына және басқа жабдықтарына тапсырыс беру үшін, www.hp.com/buy/supplies торабына өтіңіз. Ескертілсе, елді/аймақты таңдап, принтерді, одан кейін принтерді таңдау үшін ескертулерді орындап, беттегі сату сілтемелерінің бірін нұқыңыз.

Медиа құралын салу

- ▲ Жалғастыру үшін қағаз өлшемін таңдаңыз.

Қалыпты қағаз салу

- Кіріс науасын көтеру
 - Кіріс науасын көтеріңіз.



b. Шығару науасын төмендету

- Шығыс науасын төмен түсіріңіз және науаны ұзартқышты шығарыңыз.



c. Қағаз енінің бағыттауыштарын сол жаққа қарай сырғыту

- Қағаз енінің бағыттауыштарын сол жаққа қарай сырғытыңыз.



d. Қағаз салыңыз.

- Қысқа ұшын алға, басып шығарылатын жағын жоғары қаратып қағаз бумасын салыңыз.



- Тоқтатылғанша қағаз бумасын төмен қаратып сырғытыңыз.
- Қағаздың ұшына жетіп тоқтағанша қағаз енінің бағыттауыштарын оң жаққа қарай сырғытыңыз.



Өлшемі кішкентай қағаз салу

- a. Кіріс науасын көтеру
 Кіріс науасын көтеріңіз.



- b. Шығару науасын төмен түсіру
 Шығыс науасын төмен түсіріңіз және науаны ұзартқышты шығарыңыз.




- c. Қағаз енінің бағыттауыштарын сол жаққа қарай сырғытыңыз.
 Қағаз енінің бағыттауыштарын сол жаққа қарай сырғытыңыз.



d. Қағаз салыңыз.

- Фотосурет қағазы бумасын қысқа ұшын төмен және басып шығарылатын жағын жоғары қаратып салыңыз.
- Қағаз бумасын тоқтатылғанша алға жылжытыңыз.

 **Ескертпе** Пайдаланылып жатқан фотосурет қағазында тесілген жапсырмалар бар болса, фотосурет қағазының тесілген жапсырмалары жоғарыда болатындай етіп салыңыз.

- Қағаздың ұшына жетіп тоқтағанша қағаз енінің бағыттауыштарын оң жаққа қарай сырғытыңыз.



Хатқалталарды салу

a. Кіріс науасын көтеру

- Кіріс науасын көтеріңіз.



b. Шығару науасын төмен түсіру

- Шығыс науасын төмен түсіріңіз және науаны ұзартқышты шығарыңыз.



- c. Қағаз енінің бағыттауыштарын сол жаққа қарай сырғытыңыз.
- Қағаз енінің бағыттауыштарын сол жаққа қарай сырғытыңыз.




- Негізгі кіріс науасынан барлық қағаздарды алып тастаңыз.
- d. Хатқалталарды салыңыз.
- Бір немесе бірнеше хатқалтаны кіріс науасының ең шеткі оң жағына салыңыз. Басып шығарылатын бет жоғары қаратылуы қажет. Қақпағы сол жақта және төмен қаратылып салынуы қажет.
 - Хатқалталар бумасын тоқтатылғанша төмен жылжытыңыз.
 - Қағаз енінің бағыттауышын оңға және хатқалталар дестесіне қарай тоқтатылғанша жылжытыңыз.



5 Көшіру және сканерлеу

- [Құжаттарды көшіру және сканерлеу](#)
- [Компьютерге сканерлеу](#)
- [Дұрыс көшіру туралы кеңестер](#)
- [Дұрыс сканерлеу туралы кеңестер](#)

Құжаттарды көшіру және сканерлеу

 **Ескертпе** Барлық құжаттар қалыпты сапада басып шығару күйінде көшіріледі. Көшіру кезінде басып шығару күйінің сапасын өзгертуге болмайды.

- ▲ Келесі әрекеттердің бірін орындаңыз:

1 жақты түпнұсқаны 1 жақты көшірмеге көшіру

- a. Қағаз салыңыз.
- Кіріс науасына кішкентай фотосурет қағазын немесе толық өлшемді қағаз салыңыз.



- b. Түпнұсқаны салыңыз.
- Құрылғы қақпағын көтеріңіз.




- Түпнұсқаны әйнектің алдыңғы оң жақ бұрышына төмен қаратып салыңыз.



- Қақпақты жабыңыз.
- с. Көшіруді бастаңыз.
 - Түпнұсқаны үлкейту немесе кішірейту үшін **Подогнать под размер страницы** (Бетке сәйкестендіру) түймешігін басыңыз.
 - Начать копировать в черном цвете** (Қара түсте басып шығаруды бастау) немесе **Начать копирование в черном цвете** (Қара түсте көшіруді бастау) түймешігін басыңыз. Түймешікті бірнеше рет басу арқылы көшірме санын көбейтіңіз.

Компьютерге сканерлеу

 **Ескертпе** Компьютерге сканерлеу үшін, HP Deskjet 2520 series принтері мен компьютер жалғанған және іске қосылған болуы керек.

- ▲ Компьютерге сканерлеу үшін

Жалғыз бетті сканерлеу

- а. Түпнұсқаны салыңыз.
 - Құрылғы қақпағын көтеріңіз.



- Түпнұсқаны әйнектің алдыңғы оң жақ бұрышына төмен қаратып салыңыз.



- ❑ Қақпақты жабыңыз.



- b. Сканерлеуді бастаңыз.
 - ❑ Басқару тақтасында **Сканировать** (Сканерлеу) түймешігін басу арқылы немесе Принтер бағдарламалық құралы параметрін қолдану арқылы сканерлеуді бастаңыз. HP Deskjet 2520 series параметрін ашу үшін Принтер бағдарламалық құралы жұмыс үстелі белгішесін басыңыз.

 - 📄 **Ескертпе** Сонымен қата, Принтер бағдарламалық құралы ішіне **Пуск (Бастау) > Программы (Бағдарламалар) > HP > HP Deskjet 2520 series > HP Deskjet 2520 series тармақтарын таңдау** түймешігін басып кіруге болады.

 - ❑ **Сканировать документ или фото** (Құжатты немесе фотосуретті сканерлеу) параметрін таңдаңыз. Экранда таңдауға болатын сканерлеу параметрлерін көресіз.

Дұрыс көшіру туралы кеңестер

- Түпнұсқаны әйнектің алдыңғы оң жақ бұрышына төмен қаратып салыңыз.



- Басып шығарылатын қағаз өлшеміне сәйкестендіру үшін түпнұсқа кескінін үлкейту немесе кішірейту мақсатында **Подогнать под размер страницы** (Бетке сәйкестендіру) түймешігін басыңыз.



 [Қосымша ақпарат алу үшін желіге өту мақсатында осы жерді басыңыз.](#)

Дұрыс сканерлеу туралы кеңестер

- Түпнұсқаны әйнектің алдыңғы оң жақ бұрышына төмен қаратып салыңыз.



- Сканнер әйнегін тазалаңыз және бөтен заттар жабыспағанына көз жеткізіңіз.

 [Қосымша ақпарат алу үшін желіге өту мақсатында осы жерді басыңыз.](#)

6 Сия картридждерімен жұмыс істеу

- [Анықталған сия деңгейлерін тексеру](#)
- [Сия жабдықтарына тапсырыс беру](#)
- [Картридждерді ауыстыру](#)
- [Жалғыз картридж күйін пайдалану](#)
- [Сия картриджының кепілдігі туралы мәлімет](#)


Анықталған сия деңгейлерін тексеру

Картриджді қашан ауыстыру керектігін анықтау үшін сия жабдығының деңгейін оңай тексеруге болады. Сия жабдығының деңгейі картридждерде қалған сия көлемін анықтап көрсетеді.


Принтердің басқару тақтасы картридждерде қалған анықталған сия мөлшерін көрсетеді. Анықталған сия деңгейі туралы толық ақпаратты тексеру үшін төмендегі нұсқауларды қараңыз.

Сия деңгейлерін Принтер бағдарламалық құралы арқылы тексеру

1. HP Deskjet 2520 series параметрін ашу үшін Принтер бағдарламалық құралы жұмыс үстелі белгішесін басыңыз.

 **Ескертпе** Сонымен қата, Принтер бағдарламалық құралы ішіне **Пуск (Бастау) > Программы (Бағдарламалар) > HP > HP Deskjet 2520 series > HP Deskjet 2520 series тармақтарын таңдау** түймешігін басып кіруге болады.

2. Принтер бағдарламалық құралы бетінде **Estimated Ink Levels** (Анықталған сия деңгейлерін тексеру) түймешігін басыңыз.

 **Ескертпе 1** Қайта толтырылған не жасалған картридж немесе басқа принтерде пайдаланылған картридж бар болса, сия деңгейі көрсеткіші бұрыс не қол жетімсіз болуы мүмкін.

Ескертпе 2 Сия деңгейіне қатысты ескертулер мен көрсеткіштер тек жоспарлау мақсаттары үшін баға береді. «Сия деңгейі төмен» деген ескерту алғанда, мүмкін болатын басып шығару кідірістерін алдын алу үшін бар картриджді алмастыруды қарастырыңыз. Басып шығару сапасы төмен болса, картриджерді алмастырудың қажеті жоқ.

Ескертпе 3 Картридждардағы сия әр түрлі әдістегі басып шығару процесінде қолданылады, олар басып шығаруға құрылғы мен картриджды дайындайтын бастапқы күйді және принтер қондырмасының таза болуын және сияның тегіс ағуын қамтамасыз ететін басып шығару механизмінің қызметін қамтиды. Қосымша, қалдық сия қолданылғаннан кейін картриджда қалып қояды. Қосымша ақпаратты www.hp.com/go/inkusage торабынан қараңыз.

Сия жабдықтарына тапсырыс беру

Картридждерге тапсырыс бермес бұрын, картридждің дұрыс нөмірін табыңыз.


Принтердегі картридж нөмірін табыңыз

- ▲ Картридж нөмірі картридж есігінде орналасқан.




Принтер бағдарламалық құралы бағдарламасындағы картридж нөмірін табу

1. HP Deskjet 2520 series параметрін ашу үшін Принтер бағдарламалық құралы жұмыс үстелі белгішесін басыңыз.

 **Ескертпе** Сонымен қата, Принтер бағдарламалық құралы ішіне **Пуск (Бастау) > Программы (Бағдарламалар) > HP > HP Deskjet 2520 series > HP Deskjet 2520 series тармақтарын таңдау** түймешігін басып кіруге болады.

2. Принтер бағдарламалық құралы параметрінде **Покупать** (Сатып алу) тармағын таңдап, **Покупать запасы в Интернете** (Жабдықтарды желіде сатып алу) түймешігін басыңыз. Картридждің дұрыс нөмірі осы сияны пайдаланған кезде автоматты түрде көрсетіледі.

Нағыз HP Deskjet 2520 series HP жабдықтарына тапсырыс беру үшін, www.hp.com/buy/supplies бөліміне өтіңіз. Ескертілсе, елді/аймақты таңдап, принтерді, одан кейін принтерді таңдау үшін ескертулерді орындап, беттегі сату сілтемелерінің бірін нұқыңыз.

 **Ескертпе** Барлық елдерде/аймақтарда картридждарға желіде тапсырыс беруге қолдау көрсетілмейді. Егер ол еліңізде/аймағыңызда қол жетімді болмаса, жергілікті HP дүкенін аралап жүргенде жабдықтар туралы ақпаратты қарауға немесе анықтама үшін бір тізімді басып шығарып алуға болады.

Қатысты тақырыптар

- [Дұрыс картридждерді таңдау](#)

Дұрыс картридждерді таңдау

HP компаниясы өздері шығарған сия картридждерін пайдалануға кеңес береді. Түпнұсқа HP картридждері бірнеше рет жақсы нәтижелерді оңай беруге көмектесу үшін жасалып, HP принтерлерінде тексерілген.

Қатысты тақырыптар

- [Сия жабдықтарына тапсырыс беру](#)

Картридждерді ауыстыру


Картридждерді ауыстыру

1. Қуатты тексеріңіз.
2. Қағаз салыңыз.
3. Картридждерді алып тастаңыз.
 - a. Картридж есігін ашыңыз.



Құрылғының ортасын жылжыту үшін басып шығару картриджін күтіңіз.


- b. Картриджді босаты үшін төмен басып, оны ұясынан шығарып алыңыз.




- 4. Жаңа картридж салыңыз.
 - a. Картриджді орамнан алып тастаңыз.



- b. Қызғылт тарту ілмегін қолданып пластикалық таспаны алып тастаңыз.



- c. Ол орнына тырс етіп салынғанша картриджді ұясына қарай сырғытыңыз.



- d. Картридж есігін жабыңыз.



5. Картридждерді тураңыз.

Жалғыз картридж күйін пайдалану

HP Deskjet 2520 series принтерін бір картриджбен ғана пайдалану үшін, жалғыз картриджді режимді пайдаланыңыз. Басып шығару картриджі басып шығару картриджі орнынан шығарылған кезде, жалғыз картриджді режим іске қосылады. Жалғыз картриджді режим барысында, бұл өніммен құжаттарды көшіруге, фотосуреттерді көшіруге және компьютерден жұмыстарыңызды басып шығаруға болады.

Ескертпе HP Deskjet 2520 series принтері жалғыз картриджді режимде жұмыс істегенде, экранда хабар көрсетіледі. Хабар көрсетілсе және өнімге екі басып шығару картриджі орнатылса, пластикалық таспаның қорғаныш бөлігінің басып шығару картриджінен алынғанын тексеріңіз. Пластик таспа басып шығару картриджінің түйіспе беттерін жауып қалса, өнім орнатылған басып шығару картриджін анықтай алмайды.

Жалғыз картриджді режимнен шығу

Жалғыз картриджді режимнен шығу үшін, HP Deskjet 2520 series ішіне екі басып шығару картридждерін орнатыңыз.


Байланысты тақырыптар

- [Картридждерді ауыстыру](#)

Сия картриджінің кепілдігі туралы мәлімет

HP картриджінің кепілдігі өнім тағайындалған HP басып шығару құрылғысында пайдаланылғанда қолданыста болады. Осы кепілдіктің күші қайта толтырылған, қайта өңделген, жөнделген, дұрыс пайдаланылмаған немесе қолдан жасалған HP сия өнімдеріне қатысты қолданылмайды.

Кепілдік кезінде HP сиясы таусылып қалмаса және кепілдік күнінің соңына жетпесе, ол өнімге қолданылады. Кепілдік күнінің соңы ЖЖЖЖ/АА пішімінде болады, көрсетілген бойынша өнімде табылуы мүмкін:



Принтердің HP Шектеулі кепілдік мәлімдемесін өніммен бірге келген басып шығарылған құжаттардан қараңыз.

7 Қосылымы

- [USB қосылымы \(ешбір желі қосылымы жоқ\)](#)
- [Жаңа принтер қосу](#)

USB қосылымы (ешбір желі қосылымы жоқ)

Компьютерге қосылу үшін HP Deskjet 2520 series принтері жоғары жылдамдықты артқы USB 2.0 портына қолдау көрсетеді.

Құрылғыны USB кабелімен қосу

- ▲ Компьютерге USB кабелімен жалғау туралы мәліметті өніммен бірге келген орнату нұсқауларынан қараңыз.

 **Ескертпе** USB кабелін өнімге нұсқау берілгенше жалғамаңыз.

Принтер бағдарламасы орнатылса, принтер «plug and play» құрылғысы ретінде жұмыс істейді. Бағдарлама орнатылмаса, құрылғымен бірге берілген ықшам дискісін салып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Жаңа принтер қосу

Компьютердегі принтер бағдарламалық жасақтаманы әлдеқашан орнатқан болсаңыз, құрылғымен келген CD дискіні енгізіп, экранда берілген келесі нұсқауларды орындаңыз:

Жаңа принтер қосу

1. Компьютердің Пуск (Бастау) мәзірінен **Все программы** (Барлық бағдарламалар) немесе **Программы** (Бағдарламалар), одан кейін **HP** тармақтарын таңдаңыз.
2. **HP Deskjet 2520 series** параметрін таңдаңыз.
3. **Установка принтера & Программное обеспечение** (Принтер орнатылымы/Бағдарламалық құрал) параметрін таңдаңыз.
4. **Жаңа принтер қосу** параметрін таңдаңыз. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

8 Қатені дұрытау


Осы бөлімде төмендегідей тақырыптар бар:

- [Басып шығару сапасын жақсарту](#)
- [Қағаз кептелістерінен тазалау](#)
- [Басып шығару мүмкін емес](#)
- [HP қолдау қызметі](#)

Басып шығару сапасын жақсарту

1. HP компаниясы шығарған картридждерді пайдаланып отырғаныңызға көз жеткізіңіз.
2. **Мультимедиа** (Баспа құралдары) ашылмалы тізімінен сәйкес қағаз түрін және қағаз сапасын таңдағаныңызға көз жеткізу үшін Принтер бағдарламалық құралы параметрлерін тексеріңіз.
3. Анықталған сия деңгейлерін картридждерде сияның аз екенін анықтау үшін тексеріңіз. Қосымша ақпарат алу үшін [Анықталған сия деңгейлерін тексеру](#) бөлімін қараңыз. Басып шығару картридждерінде сия аз болса, оны ауыстырыңыз.
4. Принтер картридждерін туралаңыз.

Принтер бағдарламалық құралы бағдарламасынан картридждерді туралау үшін

 **Ескертпе** Картридждерді туралау жоғары сапалы өнімнің шығуына мүмкіндік береді. HP All-in-One принтері жаңа картриджді орнатқан сайын картридждерді туралауды сұрайды. Бірдей басып шығару картриджін алып тастап, қайта орнатсаңыз, HP All-in-One принтері басып шығару картридждерін туралау керектігін сұрамайды. HP All-in-One принтері басып шығару картриджі үшін туралау мәндерін сақтайды, сондықтан басып шығару картридждерін қайта туралау қажет болмайды.

- a. Кіріс науасына хат немесе қолданылмаған қарапайым A4 ақ қағазды салыңыз.
 - b. Принтер бағдарламалық құралы бағдарламасында **Печатать & Сканировать** (Басып шығару/Сканерлеу) түймешігін басып, **HP Deskjet 2520 series Toolbox құралдар жинағына** кіру үшін **Оказывать техническую поддержку принтеру** (Принтерге техникалық қызмет көрсету) параметрін таңдаңыз.
 - c. **HP Deskjet 2520 series Toolbox** параметрі көрсетіледі.
 - d. **Услуги устройства** (Құрылғы қызметтері) қойындысын нұқыңыз.
 - e. **Выровнить картриджи** (Картридждерді туралау) қойындысын нұқыңыз. Құрылғы туралау парағын басып шығарады.
 - f. Картридждің туралау парағын әйнектің алдыңғы оң жақ бұрышына төмен қаратып салыңыз.
 - g. **Начать копировать в черном цвете** (Қара түсте басып шығаруды бастау) түймешігін басыңыз. Құрылғы картридждерді туралайды. Картридждің туралау парағын жойыңыз немесе алып тастаңыз.
5. Картридждер сиясы аз болса, диагностикалық бетті басып шығарыңыз.

Диагностикалық бетті басып шығару

- a. Кіріс науасына хат немесе қолданылмаған қарапайым A4 ақ қағазды салыңыз.
- b. Принтер бағдарламалық құралы бағдарламасында **Печатать & Сканировать** (Басып шығару/Сканерлеу) түймешігін басып, **HP Deskjet 2520 series Toolbox құралдар жинағына** кіру үшін **Оказывать техническую поддержку принтеру** (Принтерге техникалық қызмет көрсету) параметрін таңдаңыз.
- c. **Услуги устройства** (Құрылғы қызметтері) қойындысын нұқыңыз.
- d. Диагностикалау бетін басып шығару үшін **Распечатать информацию о диагностике** (Диагностикалау ақпаратын басып шығару) түймешігін басыңыз. Диагностикалық беттегі көк, қызыл күрең, сары және қара қораптарды қарап шығыңыз. Түсті және қара ұяшықтарда жолақтар көріп тұрсаңыз немесе ұяшықтарда ешбір сия бөлігі болмаса, картридждерді автоматты түрде тазартыңыз.



6. Диагностикалық бет жолақтарды немесе түрлі-түсті немесе қара қораптардың бос бөлігін көрсетсе, басып шығару картридждерін автоматты түрде тазалаңыз.

Сия картридждерін автоматты түрде тазалау

- a. Кіріс науасына хат немесе қолданылмаған қарапайым А4 ақ қағазды салыңыз.
- b. Принтер бағдарламалық құралы ішінде **Печатать & Сканировать** (Басып шығару/Сканерлеу) түймешігін басып, **HP Deskjet 2520 series Toolbox құралдар жинағына** кіру үшін **Оказывать техническую поддержку принтеру** (Принтерге техникалық қызмет көрсету) параметрін таңдаңыз.
- c. **Услуги устройства** (Құрылғы қызметтері) қойындысын нұқыңыз.
- d. **Чистить картриджи** (Картридждерді тазалау) түймешігін басыңыз. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Жоғарыда айтылған шешім ақауды жоймаса, [онлайн арқылы қосымша ақауларды жою туралы ақпарат алу үшін осы жерді басыңыз.](#)

Қағаз кептелістерінен тазалау

Қағаз кептелісін жойыңыз.

Қағаз кептелісін тазалау

1. Қағаз кептелісінің орны

Кіріс науасы

- Қағаз кептелісінің орны артқы кіріс науасының жанында болса, қағазды ақырын кіріс науасынан тартып алыңыз.



Шығару науасы

- Қағаз кептелісінің орны алдыңғы шығару науасының жанында болса, қағазды ақырын шығару науасынан тартып алыңыз.




- Қағаз кептелісін қол жеткізу үшін картридж орнының есігін ашып, баспа картриджын сырғыту қажет болуы мүмкін.




Принтердің ішкі жағы


- Егер қағаз кептелісі принтердің ішінде орын алса, принтердің төменгі жағында орналасқан тазарту есігін ашыңыз. Тазарту есігінің екі бірдей жағындағы ілмектерді басыңыз.



- Кептелген қағазды алып тастаңыз.



- Тазалауға арналған есікті жабыңыз. Екі ілмек орнына сырт етілгенше есікті принтерге қарай итеріңіз.



2. Ағымдағы жұмысты жалғастыру үшін басқару тақтасындағы **Начать копирование в черном цвете** (Қара түсте көшіруді бастау) немесе **Начать цветное копирование** (Түсті басып шығаруды бастау) түймешігін басыңыз.

Жоғарыда айтылған шешім ақауды жоймаса, [онлайн арқылы қосымша ақауларды жою туралы ақпарат алу үшін осы жерді басыңыз.](#)


Қағаз кептелісін алдын алу

- Кіріс науасын шамадан тыс толтырмаңыз.
- Басып шығарылған қағаздарды жайлап шығыс науасынан алып тастаңыз.
- Кіріс науасына салынған қағаздардың тегіс орналасуын және ұштары бүгілмеуін не жыртылмауын қамтамасыз етіңіз.
- Кіріс науасында әртүрлі қағаз түрлерін және қағаз өлшемдерін біріктірмеңіз; кіріс науасындағы қағаздың барлығы бірдей өлшемде және түрде болуы қажет.
- Барлық қағаздарға нық сәйкестендіру үшін кіріс науасындағы қағаз енінің бағыттауыштарын сәйкестендіріңіз. Кіріс науасындағы қағазды қағаз енінің бағыттауыштары майыстырмайтынын тексеріңіз.
- Қағазды кіріс науасының алдына қарай тым қатты итермеңіз.

Жоғарыда айтылған шешім ақауды жоймаса, [онлайн арқылы қосымша ақауларды жою туралы ақпарат алу үшін осы жерді басыңыз.](#)


Басып шығару мүмкін емес

Басып шығару кезінде қиындықтар туындаса, ақауды автоматты түрде жоятын HP басып шығаруды диагностикалау утилитасын салуға болады. Утилитаны алу үшін сәйкес сілтемені басыңыз:

 **Ескертпе** HP Printing Diagnostic қызметтік бағдарламасы барлық тілдерде қол жетімді болмауы мүмкін.

[HP Printing Diagnostic қызметтік бағдарламасын жүктеп алу бетіне өту.](#)

Басып шығару кезіндегі ақауларды жою

 **Ескертпе** Принтердің қосылып тұрғанын және науаға қағаз салынғанын тексеріңіз. Егер әлі басып шығару мүмкін болмаса, төмендегі әрекеттерді мына кезекте орындаңыз:

1. Қате туралы хабарламалардың бар-жоғын тексеріп, ақаулықтарды жойыңыз.
2. USB кабелін ажыратыңыз және қайта қосыңыз.
3. Құрылғы тоқтатылмағанын немесе желіге қосылмағанын растаңыз.

Құрылғы тоқтатылмағанын немесе желіге қосылмағанын растауға арналған

- a. Операциялық жүйеге қарай келесі әрекеттердің бірін орындаңыз:
 - **Windows 7:** Windows жүйесінің **Пуск** (Бастау) мәзірінен **Устройства и принтеры** (Құрылғылар және принтерлер) пәрменін басыңыз
 - **Windows Vista:** Windows жүйесінің **Бастау** мәзіріндегі **Басқару тақтасы** параметрін басып, **Принтерлер** түймешігін басыңыз.
 - **Windows XP:** Windows жүйесіндегі **Пуск** (Бастау), **Панель управления** (Басқару тақтасы), **Принтеры и факсы** (Принтерлер және факстар) тармақтарын таңдаңыз.
- b. Құрылғы белгішесін екі рет басыңыз немесе құрылғы белгішесін тінтуірдің оң жағымен басыңыз және басып шығару кезегін ашу үшін **Басылып шығарылғандарды көру** параметрін таңдаңыз.

- c. **Принтер** мәзірінде **Басып шығаруды тоқтату** немесе **Принтерді желіге қоспай пайдалану** параметрлерінің жанына белгі қойылғанына көз жеткізіңіз.
 - d. Егер кез келген өзгертулер енгізілген болса, қайта басып шығаруға әрекет жасаңыз.
4. Құрылғы әдепкі принтер деп орнатылғанын тексеріңіз.

Құрылғы әдепкі принтер деп орнатылғанын тексеруге арналған

- a. Операциялық жүйеге қарай келесі әрекеттердің бірін орындаңыз:
 - **Windows 7:** Windows жүйесінің **Пуск** (Бастау) мәзірінен **Устройства и принтеры** (Құрылғылар және принтерлер) пәрменін басыңыз
 - **Windows Vista:** Windows жүйесінің **Бастау** мәзіріндегі **Басқару тақтасы** параметрін басып, **Принтерлер** түймешігін басыңыз.
 - **Windows XP:** Windows жүйесіндегі **Пуск** (Бастау), **Панель управления** (Басқару тақтасы), **Принтеры и факсы** (Принтерлер және факстар) тармақтарын таңдаңыз.
 - b. Әдепкі принтер ретінде дұрыс құрылғы орнатылғанына көз жеткізіңіз. Әдепкі принтердің жанында қара немесе жасыл дөңгелекке белгі қойылған.
 - c. Басқа құрылғы әдепкі принтер ретінде орнатылса, дұрыс құрылғыны тінтуірдің оң жақ түймешігімен басыңыз және **Әдепкі принтер ретінде орнату** параметрін таңдаңыз.
 - d. Құрылғыны қайтадан пайдаланыңыз.
5. Принтердегі спулер бағдарламасын қайта іске қосыңыз.

Принтердегі спулер бағдарламасын қайта іске қосу

- a. Операциялық жүйеге қарай келесі әрекеттердің бірін орындаңыз:

Windows 7

- Windows жүйесіндегі **Бастау** мәзіріндегі **Басқару тақтасы**, **Жүйе және қауіпсіздік** түймешігін басып, **Әкімшілік құралдар** түймешігін басыңыз.
- **Қызметтер** түймешігін екі рет басыңыз.
- **Принтердегі спулер бағдарламасы** түймешігінің үстінен тінтуірдің оң жағымен басып, **Сипаттар** түймешігін басыңыз.
- **Жалпы** қойындысындағы **Іске қосу түрі** параметрінің жанында **Автоматты** параметрі таңдалғанына көз жеткізіңіз.
- Қызмет іске қосылмаған болса, **Қызмет күйі** астындағы **Бастау** түймешігін басыңыз, кейін **ОК** түймешігін басыңыз.

Windows Vista

- Windows жүйесіндегі **Бастау** мәзіріндегі **Басқару тақтасы**, **Жүйе және қызмет көрсету**, **Әкімшілік құралдар** түймешігін басыңыз.
- **Қызметтер** түймешігін екі рет басыңыз.
- **Принтердегі спулер қызметін** тінтуірдің оң жақ түймешігімен басып, **Сипаттар** түймешігін басыңыз.
- **Жалпы** қойындысындағы **Іске қосу түрі** параметрінің жанында **Автоматты** параметрі таңдалғанына көз жеткізіңіз.
- Қызмет іске қосылмаған болса, **Қызмет күйі** астындағы **Бастау** түймешігін басыңыз, кейін **ОК** түймешігін басыңыз.

Windows XP

- Windows жүйесіндегі **Бастау** мәзіріндегі **Менің компьютерім** қалтасын тінтуірдің оң жақ түймешігімен басыңыз.
 - **Басқару** түймешігін басып, **Қызметтер және бағдарламалар** түймешігін басыңыз.
 - **Қызметтер** түймешігін екі рет басып, **Принтердегі спулер бағдарламасын** таңдаңыз.
 - **Принтердегі спулер бағдарламасын** тінтуірдің оң жақ түймешігімен басып, қызметті қайта іске қосу үшін **Қайта іске қосу** түймешігін басыңыз.
- b. Әдепкі принтер ретінде дұрыс құрылғы орнатылғанына көз жеткізіңіз. Әдепкі принтердің жанында қара немесе жасыл дөңгелекке белгі қойылған.

- c. Басқа құрылғы әдепкі принтер ретінде орнатылса, дұрыс құрылғыны тінтуірдің оң жақ түймешігімен басыңыз және **Әдепкі принтер ретінде орнату** параметрін таңдаңыз.
 - d. Құрылғыны қайтадан пайдаланыңыз.
6. Компьютерді қайта іске қосыңыз.
7. Басып шығару кезегін тазалау


Басып шығару кезегін тазалау үшін


- a. Операциялық жүйеге қарай келесі әрекеттердің бірін орындаңыз:
 - **Windows 7:** Windows жүйесінің **Пуск** (Бастау) мәзірінен **Устройства и принтеры** (Құрылғылар және принтерлер) пәрменін басыңыз
 - **Windows Vista:** Windows жүйесінің **Бастау** мәзіріндегі **Басқару тақтасы** параметрін басып, **Принтерлер** түймешігін басыңыз.
 - **Windows XP:** Windows жүйесіндегі **Пуск** (Бастау), **Панель управления** (Басқару тақтасы), **Принтеры и факсы** (Принтерлер және факстар) тармақтарын таңдаңыз.
- b. Басып шығару кезегін ашу үшін құрылғы белгішесін екі рет басыңыз.
- c. **Принтер** мәзірінде **Отменить все документы** (Барлық құжаттарды болдырмау) немесе **Очистить печать документа** (Баспа құжатын тазарту) тармағын таңдап, растау үшін **Да** (Иә) түймешігін басыңыз.
- d. Кезекте құжаттар бар болса, компьютерді қайта іске қосыңыз және компьютер қайта іске қосылғаннан кейін қайтадан басып шығарыңыз.
- e. Басып шығару кезегінің таза екеніне көз жеткізу үшін, оны қайтадан тексеріңіз және қайтадан басып шығарып көріңіз.
Басып шығару кезегі таза болмаса немесе ол таза болғанымен, жұмыстар басып шығарылмаса, келесі шешімге өтіңіз.

Жоғарыда айтылған шешімдер ақауды жоймаса, [онлайн арқылы қосымша ақауларды жою туралы ақпарат алу үшін осы жерді басыңыз](#).

Принтер кареткасын тазалау

Принтер кареткасын бітеп тұрған қағаз сияқты кез келген нысанды алып тастаңыз.

 **Ескертпе** Кептелген қағазды алып тастау үшін кез келген құралды немесе басқа құрылғыларды пайдаланбаңыз. Құрылғының ішінен кептелген қағазды алып тастау кезінде сақ болыңыз.

 [Қосымша ақпарат алу үшін желіге өту мақсатында осы жерді басыңыз.](#)

Ақаулығы бар картриджды анықтау

Үш түсті және қара сия деңгейінің көрсеткіштері бірдей жыпылықтап тұрса және қуат шамы жанып тұрса, картридждерде әлі де таспа бар немесе олар жоқ. Алдымен қызғылт таспаның картридждерден алынып тасталғанын және екі картридждың да орнатылғанын тексеріңіз. Екі сия деңгейінің көрсеткіші де әлі жыпылықтап тұрса, бір немесе екі картриджде де ақаулық бар. Бір картриджда ақаулық бар екенін тексеру үшін келесіні орындаңыз:

1. Қара картриджды алып тастаңыз.
2. Картридж есігін жабыңыз.
3. **Қуат** шамы жыпылықтап тұрса, үш түсті картриджді ауыстыру қажет **Включен** (Қосулы) шамы жыпылықтап тұрмаса, қара картриджді ауыстырыңыз.

Науаларды дайындау

Шығару науасын ашу

- ▲ Басып шығаруды бастау үшін шығару науасын ашу қажет.



Картридж есігін жабыңыз.

- ▲ Басып шығаруды бастау үшін картридж есігін жабу қажет.



 [Қосымша ақпарат алу үшін желіге өту мақсатында осы жерді басыңыз.](#)

Көшіру және сканерлеу қателерін түзету

 [Қосымша ақпарат алу үшін желіге өту мақсатында осы жерді басыңыз.](#)

HP қолдау қызметі

- [Өнімді тіркеңіз.](#)
- [Қолдау процесі](#)
- [HP компаниясының телефонмен қолдау қызметі](#)
- [Қосымша кепілдік параметрлері](#)

Өнімді тіркеңіз.

Тіркелу үшін бірнеше минут жұмсау арқылы жылдамырақ қызметтен, тиімділіктен және өнімге қолдау көрсететін ескертулерден рахат алуыңыз мүмкін. Бағдарламалық құралды орнату кезінде принтерді тіркемеген болсаңыз, кейінірек оны <http://www.register.hp.com> веб-торабында тіркеуге болады.

Қолдау процесі

Егер ақаулық туындаса, мына қадамдарды орындаңыз:

1. Принтермен бірге берілген құжатты тексеріңіз.
2. HP компаниясының желідегі қолдау қызметі үшін веб-торапқа www.hp.com/support мекенжайы бойынша өтіңіз. HP компаниясының желіде қолдау қызметі барлық HP өнімін тұтынушылар үшін қол

жетімді. Бұл принтер туралы соңғы ақпарат және маман көмегін алу үшін жылдам көз болып табылады және мына мүмкіндіктерді қамтиды:

- Білікті желідегі қолдау қызметі мамандарымен жылдам хабарласу
 - HP принтеріне арналған бағдарламалық құрал мен драйвер жаңартулары
 - Жалпы ақаулықтарға арналған ақаулықтарды жою туралы құнды ақпарат
 - Белсенді принтер жаңартулары, қолдау көрсету ескертулері және принтерді тіркеген кезде қол жетімді болатын HP жаңалықтары
3. HP қолдау қызметіне телефон шалыңыз. Қолдау көрсету мүмкіндіктері мен олардың болу-болмауы принтер, ел/аймақ және тіл бойынша әр түрлі болады.

HP компаниясының телефонмен қолдау қызметі

Телефонның қолдау көрсету параметрлері және қол жетімділігі құрылғы, ел/аймақ және тіл бойынша әр түрлі болады.

Осы бөлімде төмендегідей тақырыптар бар:

- [Телефонмен қолдау көрсету мерзімі](#)
- [Қоңырауды қою](#)
- [Қолдау көрсету телефон нөмірлері](#)
- [Телефонмен қолдау көрсету мерзімінен кейін](#)

Телефонмен қолдау көрсету мерзімі

Солтүстік Америка, Азиялық Тынық мұхит аймағы және Латын Америкасы (Мексиканы қоса) елдерінде бір жылға телефонмен қолдау көрсетіледі. Еуропадағы, Таяқ Шығыс пен Африкадағы телефонмен қолдау мерзімінің ұзақтығын www.hp.com/support бетінен қараңыз. Стандартты телефон компаниясы ақы алады.

Қоңырауды қою

Компьютер мен принтердің алдында отырғанда HP қолдау қызметіне қоңырау шалыңыз. Мына ақпараттарды беруге дайын болыңыз:

- Құрылғы атауы (құрылғыда орнатылған келесі: HP Deskjet 2520 series)
- Құрылғы нөмірі (картридиге кіру есігінде орналасқан)



- Сериялық нөмірі (принтердің артқы немесе астыңғы жағында орналасады)
- Жағдай туындағанда пайда болатын хабарламалар
- Мына сұрақтарға жауаптар:
 - Бұрын мұндай жағдай туындады ма?
 - Қайта жасай аласыз ба?
 - Осы жағдай басталғанда компьютерге жабдық немесе бағдарламалық құрал қосқан жоқсыз ба?
 - Бұл жағдайдың алдында бір нәрсе болды ма (мысалы, найзағай ойнады, өнім жылжытылды, т.б.)?

Қолдау көрсету телефон нөмірлері

Телефонмен қолдау қызметі нөмірлерінің және қоңырау шығыны ақпаратының ең соңғы тізімін www.hp.com/support веб-торабынан қараңыз.

Телефонмен қолдау көрсету мерзімінен кейін

Телефонмен қолдау көрсету мерзімінен кейін, HP компаниясынан қосымша ақыға көмек алуға болады. HP компаниясының желідегі қолдау қызметі веб-торабынан көмек алуға да болады: www.hp.com/support Қолдау мүмкіндіктері туралы қосымша ақпаратты алу үшін HP өнімін сатушымен хабарласыңыз немесе еліңіздегі/аймағыңыздағы қолдау көрсету қызметінің телефон нөміріне қоңырау шалыңыз.

Қосымша кепілдік параметрлері

Қосымша төлеу арқылы HP Deskjet 2520 series үшін кеңейтілген қызметтік жоспарларды алуға болады. www.hp.com/support торабына өтіп, еліңізді/аймағыңызды және тіліңізді таңдап, кеңейтілген қызметтік жоопарлар туралы ақпаратты кепілдік аймағынан алыңыз және қызметтер туралы мәліметтерді оқыңыз.

9 Техникалық мәліметтер

Осы бөлімде берілген HP Deskjet 2520 series техникалық сипаттамалары жіне халықаралық ережелер мәліметін қараңыз.

Қосымша ақпаратты HP Deskjet 2520 series өнімімен бірге берілген құжаттан қараңыз.

Осы бөлімде төмендегідей тақырыптар бар:

- [Ескертпе](#)
- [Техникалық сипаттамалар](#)
- [Қоршаған орта құрылғысын ұйымдастыру бағдарламасы](#)
- [Занды ескертпелер](#)

Ескертпе

Hewlett-Packard компаниясының мәлімдемелері

Бұл құжатта берілген ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Барлық құқықтары қорғалған. Авторлық құқық туралы заң бойынша рұқсат етілген жағдайлардан басқа кезде, Hewlett-Packard компаниясының алдын ала берілген жазбаша түріндегі рұқсатынсыз бұл материалды көшіруге, бейімдеуге немесе аударуға тыйым салынады. HP өнімдері мен қызметтеріне арналған кепілдіктер сондай өнімдер мен қызметтерге арналған тікелей кепілдік жөніндегі мәлімдемелерде ғана көрсетіледі. Бұл құжаттағы мәліметтер қосымша кепілдікті қамтамасыз етпейді. HP компаниясы бұл құжаттағы техникалық немесе редакторлық қателер немесе кемшіліктер үшін жауап бермейді.

© 2012 Hewlett-Packard Development Company, L.P.

Microsoft, Windows, Windows XP және Windows Vista - Майкрософт корпорациясының АҚШ-та тіркелген сауда белгілері.

Windows 7 - Майкрософт корпорациясының Америка Құрама Штаттарындағы және/немесе басқа елдердегі тіркелген сауда белгісі немесе сауда белгісі.

Intel және Pentium - Intel корпорациясының немесе оның филиалдарының Америка Құрама Штаттарындағы және басқа елдердегі сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері.

Adobe® - Adobe Systems Incorporated компаниясының сауда белгісі.

Техникалық сипаттамалар

Осы бөлімде HP Deskjet 2520 series техникалық сипаттамалары берілген. Қосымша техникалық сипаттамаларды www.hp.com/support бетіндегі Өнім деректері парағынан көріңіз.

Осы бөлімде төмендегідей тақырыптар бар:

- [Жүйе талаптары](#)
- [Қоршаған орта сипаттары](#)
- [Кіріс науасының көлемі](#)
- [Шығару науасының көлемі](#)
- [Қағаз өлшемі](#)
- [Қағаз салмағы](#)
- [Басып шығару техникалық сипаттары](#)
- [Көшірме техникалық сипаттары](#)
- [Сканерлеу техникалық сипаттары](#)
- [Басып шығару ажыратымдылығы](#)
- [Қуат сипаттамалары](#)
- [Картридж ресурстары](#)
- [Акустика туралы мәлімет](#)

Жүйе талаптары

Болашақтағы амалдық жүйе шығарылымдары мен қолдауы туралы қосымша ақпарат алу үшін, www.hp.com/support мекенжайындағы HP компаниясының желідегі қолдау қызметі веб-торабына кіріңіз.

Қоршаған орта сипаттары

- Ұсынылатын жұмыс істеу температура ауқымы: 15 °C - 32 °C (59 °F - 90 °F)
- Рұқсат етілген жұмыс істеу температура ауқымы: 5 °C - 40 °C (41 °F - 104 °F)
- Ылғалдылық: 15% - 80% қатысты ылғалдылық, конденсация жоқ; 28 °C ең көп шық нүктесі
- Жұмыс істемейтін (сақтау) температура ауқымы: -40 °C - 60 °C (-40 °F - 140 °F)
- Жоғары жиілікті электромагниттік өрістің болуынан HP Deskjet 2520 series принтерінен шығарылатын өнім бұрмалануы мүмкін.
- HP компаниясы жоғары жиілікті электромагниттік өріс шығаратын дыбысты азайту үшін 3 м аз немесе бірдей USB кабелін пайдалануды ұсынады.

Кіріс науасының көлемі

Қарапайым қағаз парақтары (80 г/м² [20 фунт]): 50-ге дейін

Хатқалталар: 5-ке дейін

Индекс карталары: 20-ға дейін

Фотосурет қағазының парақтары: 20-ға дейін

Шығару науасының көлемі

Қарапайым қағаз парақтары (80 г/м² [20 фунт]): 30 бетке дейін

Хатқалталар: 5-ке дейін

Индекс карталары: 10-ға дейін

Фотосурет қағазының парақтары: 10-ға дейін

Қағаз өлшемі

Қолдау көрсетілетін медиа өлшемдерінің аяқталған тізімін бағдарламалық құралдан көріңіз.

Қағаз салмағы

Қарапайым қағаз: 64-90 г/м² (16-24 фунт)

Хатқалталар: 75-90 г/м² (20-24 фунт)

Карталар: 200 г/м² (110-фунт ең көп индекс) дейін

Фотосурет қағазы: 280 г/м² (75 фунт) дейін

Басып шығару техникалық сипаттары

- Сканерлеу жылдамдығы құжаттың күрделілігіне байланысты әртүрлі болады
- Әдіс: қажет болғанда таматын термо сия
- Тіл: PCL3 GUI

Көшірме техникалық сипаттары

- Сандық кескінді өңдеу
- Көшіру жылдамдықтары құжаттың күрделілігіне және үлгісіне байланысты әртүрлі болады

Сканерлеу техникалық сипаттары

- Ажыратымдылық: ең көбі 1200 x 1200 нүкте/дюйм оптикалық мүмкіндік
Әр нүктеге бір дюйм ажыратымдылығы туралы қосымша ақпаратты сканер бағдарламалық құралынан қараңыз.
- Түсі: 24 биттік түсті, 8 биттік сұр реңк (сұрдың 256 деңгейі)
- Шыныдан сканерлеудің ең үлкен өлшемі: 21,6 x 29,7 см

Басып шығару ажыратымдылығы**Жоба режимі**

- Түсті кіріс/қара түс беру: 300x300 нүкте/дюйм
- Шығыс (Қара/Түсті): Автоматты

Қалыпты режим

- Түсті кіріс/қара түс беру: 600x300 нүкте/дюйм
- Шығыс (Қара/Түсті): Автоматты

Қарапайым-Ең жақсы режимі

- Түсті кіріс/қара түс беру: 600x600 нүкте/дюйм
- Шығыс: 600x1200 нүкте/дюйм (қара), Автоматты (түсті)

Фотосурет-Ең жақсы режимі

- Түсті кіріс/қара түс беру: 600x600 нүкте/дюйм
- Шығыс (Қара/Түсті): Автоматты

DPI (Нүкте/дюйм) режимін таңдау

- Түсті кіріс/қара түс беру: 1200x1200 нүкте/дюйм
- Шығыс: Автоматты (қара), оңтайландырылған 4800x1200 нүкте/дюйм (түсті)

Қуат сипаттамалары

0957-2286


- Кіріс кернеуі: 100-240 В (айнымалы ток) (+/- 10%)
- Кіріс жиілігі: 50/60 Гц (+/- 3 Гц)

0957-2398

- Кіріс кернеуі: 100-240 В (айнымалы ток) (+/- 10%)
- Кіріс жиілігі: 50/60 Гц (+/- 3 Гц)

0957-2290

- Кіріс кернеуі: 200-240 В (айнымалы ток) (+/- 10%)
- Кіріс жиілігі: 50/60 Гц (+/- 3 Гц)

 **Ескертпе** HP компаниясы қамтамасыз ететін қуат адаптерін ғана пайдаланыңыз.

Картридж ресурстары

Картридждар ресурстары бойынша қосымша ақпаратты алу үшін [www.hp.com/go/learnaboutequipment/](http://www.hp.com/go/learnaboutequipment) веб-торабына өтіңіз.

Акустика туралы мәлімет

Интернетке кіру мүмкіндігіңіз болса, акустика туралы мәліметті HP веб-торабынан алуға болады. Желіні диагностикалау қызметтік бағдарламасын жүктеп алу үшін, www.hp.com/support.

Қоршаған орта құрылғысын ұйымдастыру бағдарламасы

Hewlett-Packard компаниясы сапалы өнімдерді экологиялық таза мәнерде беруге жауапкершілікпен қарайды. Қайта қолдануға арналған дизайн осы өнімде қамтылған. Дұрыс қызметті және сенімділікті қамтамасыз ету кезінде материалдардың саны аз қолданылады. Оңай айыру үшін ұқсас емес материалдарды қолдану жоспарланған. Ілмектер мен басқа қосқыштарды жалпы құралдарды қолданып орналастыру, қолдану және жою оңай болады. Тиімді бөлшектеу және жөндеу үшін жылдам кіруге арналған жоғары маңыздылықтағы бөліктер жобаланған.

Қосымша ақпаратты алу үшін келесі мекенжайдағы қоршаған орта алдындағы міндеттеме веб-торабынан қараңыз:

www.hp.com/hpinfo/globalcitizenship/environment/index.html.

Осы бөлімде төмендегідей тақырыптар бар:

- [Есо кеңестері](#)
- [Қағаз қолдану](#)
- [Пластмассалар](#)
- [Материалдардың қауіпсіздігі туралы деректер парақтары](#)
- [Қайта өңдеу бағдарламасы](#)

- [HP сия жабдықтарын қайта өңдеу бағдарламасы](#)
- [Қуатты тұтыну](#)
- [Автоматты түрде өшіру](#)
- [Күту режимі](#)
- [Disposal of waste equipment by users in private households in the European Union](#)
- [Химиялық заттар](#)
- [Қауіпті заттарды шектеу \(Украина\)](#)

Есо кеңестері

HP компаниясы тұтынушылардың қоршаған ортаға ықпал етуін азайтуға көмектесуге жауапкершілікпен қарайды. HP компаниясы басып шығару таңдауларына қол жеткізетін және әсерді азайтатын жолдар бойынша кезелуге көмектесу үшін төменде экология туралы кеңестер береді. Осы өнімдегі арнайы мүмкіндіктермен бірге HP Eco Solutions веб-торабына HP компаниясының қоршаған орта бастамасы туралы қосымша ақпарат алу үшін өтіңіз.

www.hp.com/hpinfo/globalcitizenship/environment/recycle/

Қағаз қолдану

DIN 19309 және EN 12281:2002 стандарттарына қатысты бұл өніммен қайта өңделетін қағазды қолдануға болады.

Пластмассалар

Өнімді қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін, қайта өңдеу мақсаттарында пластмассаларды анықтау мүмкіндігін ұлғайтатын халықаралық стандарттарға байланысты 25 грамнан артық пластмасса бөліктері белгіленген.

Материалдардың қауіпсіздігі туралы деректер парақтары

Материалдардың қауіпсіздігі туралы деректер парақтарын (MSDS) HP веб-торабынан алуға болады:

www.hp.com/go/msds

Қайта өңдеу бағдарламасы

HP компаниясы көптеген елдерде/аймақтарда өнімді қайтарудың және қайта өңдеу бағдарламаларының ұлғайтылған санын ұсынады және дүние жүзі бойынша ең үлкен электрондық қайта өңдеу орталықтарымен серіктес болып табылады. HP компаниясы ең танымал өнімдерінің кейбірін қайта сату арқылы ресурстарын сақтайды. HP өнімдерін қайта өңдеуге қатысты қосымша ақпарат алу үшін келесі торапқа өтіңіз:

www.hp.com/hpinfo/globalcitizenship/environment/recycle/

HP сия жабдықтарын қайта өңдеу бағдарламасы

HP компаниясы қоршаған ортаны қорғауға жауапкершілікпен қарайды. HP сия жабдықтарын қайта өңдеу бағдарламасы көптеген елдерде/аймақтарда қол жетімді және пайдаланылған басып шығару картридждарын және сия картридждарын тегін қайта өңдеуге мүмкіндік береді. Қосымша ақпарат алу үшін келесі веб-торапқа өтіңіз:

www.hp.com/hpinfo/globalcitizenship/environment/recycle/

Қуатты тұтыну

ENERGY STAR® мекеме енімен белгіленген Hewlett-Packard компаниясының басып шығару және кескін жабдығы АҚШ қоршаған ортаны қорғау ұйымы бекіткен ENERGY STAR бағдарламасының кескін жабдығына арналған техникалық сипаттар болып табылады. Келесі белгі ENERGY STAR кәсіби кескін өнімдерінде көрсетіледі:



Қосымша ENERGY STAR кәсіби кескін өнімінің үлгісі туралы мәліметтер төменде тізімделген: www.hp.com/go/energystar

Автоматты түрде өшіру


Принтер қосылғанда, Автоматты түрде өшіру параметрі әдепкі бойынша автоматты түрде қосылады. Автоматты түрде қуатты өшіру функциясы қосылған кезде қуаттың тұтынылуын үнемдеуге көмектесу мақсатында принтер құрылғы қолданыста болмаған екі сағаттан кейін автоматты түрде сөндіріледі. Автоматты түрде қуатты өшіру параметрін принтердің бағдарламалық құралынан өзгертуге болады. Параметрді бір рет өзгерткеннен кейін, принтер таңдалған параметрді орындайды. **Автоматты түрде өшіру параметрі принтерді толығымен өшіреді, сондықтан принтерді қайтадан қосу үшін қуат түймесін пайдалану керек.**

Автоматты түрде қуатты өшіруді қосу немесе ажырату

1. HP Deskjet 2520 series параметрін ашу үшін Принтер бағдарламалық құралы жұмыс үстелі белгішесін басыңыз.

 **Ескертпе** Сонымен қата, Принтер бағдарламалық құралы ішіне **Пуск (Бастау) > Программы (Бағдарламалар) > HP > HP Deskjet 2520 series > HP Deskjet 2520 series тармақтарын таңдау** түймешігін басып кіруге болады.

2. Принтер бағдарламалық құралы бағдарламасында **Печатать & Сканировать** (Басып шығару/Сканерлеу) түймешігін басып, **HP Deskjet 2520 series Toolbox құралдар жинағына** кіру үшін **Оказывать техническую поддержку принтеру** (Принтерге техникалық қызмет көрсету) параметрін таңдаңыз.
3. **HP Deskjet 2520 series Toolbox** параметрі көрсетіледі.
4. **Дополнительные параметры** (Қосымша параметрлер) түймешігін басыңыз. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

 **Түйіспе** Желі бойынша сымсыз немесе Ethernet байланысы арқылы басып шығарып жатсаңыз, принтер тапсырмаларының жоғалып кетпеуін қамтамасыз ету үшін Автоматты түрде қуатты өшіру параметрі ажыратылады. Автоматты түрде қуатты өшіру ажыратылғанымен, принтер қуатты тұтынуға көмектесу мақсатында жұмыссыз күйдің бес минутынан кейін Ұйқы күйіне енеді.

Күту режимі

- Күту режимінде қуат аз тұтынылады.
- Принтердің бастапқы орнатуларынан кейін, принтер 5 минут жұмыс істемесе, Күту режиміне өтеді.
- Күту режиміне өту уақытын өзгертуге болмайды.

Химиялық заттар

HP компаниясы REACH (заңнама ЕС №1907/2006, Еуропалық одақ пен ЕО кеңесі қабылдаған) сияқты құқықтық талаптарға сәйкес келетін өнімдерде қамтылатын химиялық заттар туралы пайдаланушыларға хабарлау туралы міндеттемені мойнына алады. Өнімге арналған химиялық заттар туралы ақпарат есебін келесі веб-тораптан табуға болады: www.hp.com/go/reach.

Қауіпті заттарды шектеу (Украина)

Технічний регламент щодо обмеження використання небезпечних речовин (Україна)

Обладнання відповідає вимогам Технічного регламенту щодо обмеження використання деяких небезпечних речовин в електричному та електронному обладнанні, затвердженого постановою Кабінету Міністрів України від 3 грудня 2008 № 1057

Заңды ескертпелер

HP Deskjet 2520 series принтері елдегі/аймақтағы заң агенттіктерінің өнімге қойылатын талаптарына сәйкес келеді.

Осы бөлімде төмендегідей тақырыптар бар:

- [Заңды үлгі нөмірі](#)
- [FCC statement](#)
- [Notice to users in Korea](#)
- [VCCI \(Class B\) compliance statement for users in Japan](#)
- [Notice to users in Japan about the power cord](#)

Заңды үлгі нөмірі

Заңды айқындау мақсаттары үшін өнімге заңды үлгі нөмірі тағайындалған. Өнімнің заңды үлгі нөмірі — VCVRA-1221. Бұл заңды нөмір нарықтағы атымен (HP Deskjet Ink Advantage 2520hc All-In-One series, т.б.) немесе құрылғы нөмірлерімен (CX027A, CX027B, т.б.) шатастырылмауы қажет.

FCC statement

FCC statement

The United States Federal Communications Commission (in 47 CFR 15.105) has specified that the following notice be brought to the attention of users of this product.

This equipment has been tested and found to comply with the limits for a Class B digital device, pursuant to Part 15 of the FCC Rules. These limits are designed to provide reasonable protection against harmful interference in a residential installation. This equipment generates, uses and can radiate radio frequency energy and, if not installed and used in accordance with the instructions, may cause harmful interference to radio communications. However, there is no guarantee that interference will not occur in a particular installation. If this equipment does cause harmful interference to radio or television reception, which can be determined by turning the equipment off and on, the user is encouraged to try to correct the interference by one or more of the following measures:

- Reorient the receiving antenna.
- Increase the separation between the equipment and the receiver.
- Connect the equipment into an outlet on a circuit different from that to which the receiver is connected.
- Consult the dealer or an experienced radio/TV technician for help.

For further information, contact:

Manager of Corporate Product Regulations
 Hewlett-Packard Company
 3000 Hanover Street
 Palo Alto, Ca 94304
 (650) 857-1501

Modifications (part 15.21)

The FCC requires the user to be notified that any changes or modifications made to this device that are not expressly approved by HP may void the user's authority to operate the equipment.

This device complies with Part 15 of the FCC Rules. Operation is subject to the following two conditions: (1) this device may not cause harmful interference, and (2) this device must accept any interference received, including interference that may cause undesired operation.

Notice to users in Korea

<p>B급 기기 (가정용 방송통신기기)</p>	<p>이 기기는 가정용(B급)으로 전자파적합등록을 한 기기로서 주로 가정에서 사용하는 것을 목적으로 하며, 모든 지역에서 사용할 수 있습니다.</p>
-------------------------------	---

VCCI (Class B) compliance statement for users in Japan

<p>この装置は、クラスB情報技術装置です。この装置は、家庭環境で使用することを目的としていますが、この装置がラジオやテレビジョン受信機に近接して使用されると、受信障害を引き起こすことがあります。取扱説明書に従って正しい取り扱いをして下さい。</p> <p style="text-align: right;">VCCI-B</p>
--

Notice to users in Japan about the power cord

製品には、同梱された電源コードをお使い下さい。
同梱された電源コードは、他の製品では使用出来ません。

Индекс

Б

басып шығару
техникалық сипаттары 42

Ж

жүйе талаптары 41

З

заңды ескертпелер 47
заңды жазбалар
заңды үлгі нөмірі 47

К

кепілдік 39
көшірме
техникалық сипаттары 42

Қ

қағаз
ұсынылған түрлері 15
қайта өңдеу
сия картридждары 44
қолдау көрсету мерзімінен кейін 39
қолдау процесі 37
қоршаған орта
Қоршаған орта құрылғысын
ұйымдастыру бағдарламасы
43
қоршаған орта сипаттары 42

С

сканерлеу
сканерлеу техникалық сипаттары
42

Т

телефонмен қолдау 38
телефонмен қолдау көрсету мерзімі
қолдау көрсету мерзімі 38
техникалық мәліметтер
басып шығару техникалық
сипаттары 42
жүйе талаптары 41
көшірме техникалық сипаттары
42
қоршаған орта сипаттары 42
сканерлеу техникалық сипаттары
42
тұтынушыларды қолдау
кепілдік 39

